

«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Жетесова Жанар Алмасовнаның «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ-ағылшын ертегілері бойынша)» атты тақырыпта жазған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: <u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Жетесова Жанар Алмасовнаның «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ-ағылшын ертегілері бойынша)» атты тақырыпта жазған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бағыттарына сай орындалған. Диссертация жұмысының зерттеу бағыты Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары Ғылым және Технологиялар Комитеті бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты аясында «Білім беру мен ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер», «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы зерттеулер» деген мамандандырылған бағытына толық сәйкес келеді. Диссертация «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша

			әзірленген.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы</u> <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Диссертация жұмысының отандық білім беру саласы мен филология ғылымына қосатын үлесі бар. Диссертация жұмысының нәтижелері тіл білімінің когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі сияқты салаларын оқыту үдерісінде, тіл үйретуде пайдасын тигізе алады. Сонымен қатар, этномәдени лексиканы зерттеудің теориялық мәселелеріне арналған ізденістер қатарын толықтырады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу жұмысында автордың тақырыпты зерттеудегі өзіндік ұстанымдары анық байқалады, сондықтан да өзі жазу принципі тұрғысынан диссертация жоғары бағаланады. Диссертация ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай келеді. Ізденуші ғылыми еңбектерге сілтемелер жасаған, тұжырымдарды өз бетінше жеткізіп, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы зерттеудің жаңа әдістемесін ұсынған, қорытындылар шығарған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигманың қағидаларына негізделген. Нақты айтқанда, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексика лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы әдістерге сүйене отырып зерттелген. Сондай-ақ, ұсынылып отырған ғылыми зерттеуде ертегілердегі анималистік лексиканы кешенді талдау әдіснамасы жасалынып, зерттеу кезеңдері көрсетілген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысындағы әр бөлімнің мазмұны диссертация тақырыбын ашуға септігін тигізеді.

	1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация құрылымы нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, кіріспеден, ішінара тараушаларға бөлінген үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан (А,Ә,Б,В) тұрады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыппен толық сәйкес келеді. Ізденуші қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдау арқылы зерттеп, олардың ортақ және айырым белгілерін анықтауды басты мақсат ретінде қояды. Осы мақсатқа жету үшін жүйелі түрде байланысқан және зерттеу нәтижесіне жетелейтін сегіз міндетті анықтап, сол міндеттер бойынша жүргізілген зерттеулерді әр бөлімде анық көрсеткен.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері, құрылымы логикалық тұрғыдан өзара сабақтастықта берілген, толық байланысқан. Диссертацияның тақырыбы зерттеу жұмысының мазмұнын толық ашады. Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылған. Бұл бөлімде ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдаудың кешенді әдіснамасы ұсынылған. Екінші бөлімде ертегідегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеу мәселелері қарастырылып, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексикаға жалпы сипаттама берілген. Сонымен қатар, анималистік лексиканың лингвомәдени ерекшеліктері, когнитивті сипаты қарастырылып, ертегілердегі жануар

			кейіпкерлердің диалогтарындағы қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы дискурстық талдау әдісі арқылы талданған. Үшінші бөлім қазақ және ағылшын анималистік лексикасына тән ортақ және айырым белгілерді анықтау мақсатында өткізілген ассоциативтік экспериментті талдауға арналған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Ізденушінің зерттеу барысында пайдаланған материалдарға сыни көзқарас тұрғысынан талдау жасағаны байқалады. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша ұсынылған қорытындылар мен шешімдер нақты дәлелдермен тұжырымдалған. Автор алдымен «анималистік лексика» терминіне берілген анықтамаларға сыни талдау жасап, өз қорытындысын берген. Сонымен қатар, осы зерттеуде неге анималистік лексикаға тек жануар атауларын алуын да сыни тұрғыда талдап бере алған. Ертегілерде кездесетін анималистік лексикаға мысалдар жинастырғанында да сыни талдау жұмыстары көрінеді. Дегенмен осы тұста жиілігіне қарай анималистік лексиканы таңдауда қолданылған тәсіл немесе критерий анық берілгенінде бұл зерттеудің сапасын тағы да көтерер еді деп санаймыз.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері қағидаттары толығымен жаңа. Ізденуші зерттеу барысында алдына қойған мақсаты мен міндеттерін толық жүзеге асырған. Диссертациялық жұмыста қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы салғастырмалы талдау жасай отырып, олардың ұғымдық, бейнелік, құндылық, символдық мағынасын анықтауға, олардың ортақ және айырым белгілерінің себептерін лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы

			талдау арқылы түсіндіруге ұмтылыс жасалған. Зерттеуде анималистік лексиканы кешенді талдаудың әдіснамасы ұсынылған. Сонымен қатар, қазіргі тіл тұтынушылардың түсінігіндегі анималистік лексиканың символдық мағыналарын ассоциативті эксперимент нәтижелері бойынша анықтаған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация жұмысының қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеуші жұмыстың мақсатына жетуде, міндеттерді шешуде өзіндік тың тұжырымдар ұсынған. Әрбір міндет бойынша жасалған зерттеу нәтижелері тұшымды қорытындыланғаны және тақырыпты ашуда, дәйектеуде бірізділіктен айнымағаны көрінеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның әр бөлімінен кейін қысқаша қорытынды тұжырымдар жасалған. Зерттеу жұмысының соңында толық мазмұнды қамтитын, тұжырымдалған нәтижелерге негізделген қорытынды берілген. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыда дәлелдемелермен негізделген. Ізденуші зерттеу тақырыбын тіл білімінің антропоэзектік парадигмасы аясында қарастырған.
7.	Қорғауға	Әрбір ереже бойынша келесі	7.1 Қорғауға ұсынылған қағидаттар ғылыми тұрғыда

	шығарылған негізгі ережелер	сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе?	дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттары жаңа. 7.4 Қорғауға ұсынылған қағидалардың қолдану деңгейі кең. 7.5 Диссертанттың ұсынып отырған ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК енгізген журналдарда және шетелдік басылымдарда жарияланған, республикалық және халықаралық конференцияларда баяндамалар жасалған. Scopus ғылыми деректер қорына кіретін журналда зерттеу тақырыбы бойынша ізденістердің нәтижесі мақала ретінде жарияланған.
--	-----------------------------	---	---

		1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Иә. Әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеу жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сай лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистикаға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынған және ізденуші тарапынан да өз зерттеу әдіснамасы ұсынылған. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламаларға сілтемелер жасалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Иә. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.

	үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде мынадай еңбектерге сүйенген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған: дискурс теориясы мен дискурстық талдау (Қ.Ө.Есенова, З.Ш.Ерназарова, Б.А.Ахатова, Г.Н.Смағұлова, Г.Әзімжанова, Б.С.Жұмағұлова, Б.Қалиев, Г.Бүркітбаева, Е.Әлкебаева, Н.Уәли, Б.Күдеринова, Ж.М.Кеншінбаева, Ш.А.Нұрмышова, С.Б.Альпатына, А.Е.Саденова, Ш.А.Сабитова, Г.Мұратова, К.Қ.Садирова, А.Т.Қасымбекова, Л.Ақтанова, А.Әділова); салғастырмалы тіл білімі (З.Ахметжанова, К.Дүйсекова, С.Тажибаева, М.Б.Амалбекова, С.Сәтенова, С.С.Исакова, Ж.Т.Оспанова); мәтін лингвистикасы; лингвомәдениеттану (А.Ислам, Ж.Манкеева, А.Тымболова); лингвоконцептология; лингвофольклористика (М.Әуезов, Е.Қ.Жұбанова, С.Қасқабасов, Ә.Молдаханов, Ж.А.Жақыпов, У.А.Абдуллабекова, Г.Кусимова, К.Құсманова, А.Ж.Мухатаева, М.Ғұмарова); ертегі дискурсы (С.К.Кенжемуратова, А.Т.Қасымбекова, Н.К.Култанбаева т.б.).
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға

		тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз.</u>	жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 150 әдебиет қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген. Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері визуалды ақпаратпен толықтырылған, диссертацияда 25 кесте, 21 сурет қолданылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс лингвоконцептология, дискурсология, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистиканың жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия</u> ; 2) жоқ.	Зерттеуде талданған тілдік материалдар сөздік жасау ісінде, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешендерді толықтыруда практикалық маңызды үлес қосады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеудің практикалық талдаулары, ұсыныстары толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен рәсімделуі талапқа сай. Жұмыс ғылыми стильде жазылған.

11.	Диссертацияға ескертулер		Докторант болашақта ертегілерді мәдени лексиканың құнды көзі бола алатын материал ретінде зерттеуін жетілдіре түсетініне сенім арта отырып, диссертация мазмұнынан байланысты мыналарды ескерткіміз келеді: <i>зерттеудің ғылыми жаңалығы бөліміндегі «лингвомәдениет» деген терминді «мәдениет» терминімен алмастыру;</i> <i>диссертацияда қолданылған «тіл сөйлермені» терминін «тіл иелмендері» деп өзгерту;</i> <i>сауалнамаға берілген сілтемені жаңарту, себебі қазіргі сілтеме ашылмайды;</i> <i>әдіснама бөлімінде эксперимент өткізу кезіндегі этикалық норманың сақталуы жайында ақпарат қосу;</i> <i>«Кесте 1», «Сурет 1» т.б. дегендерді «1-кесте», «2-кесте» деп өзгерту.</i> Алайда бұл ескертпелер диссертациялық жұмыстың кемшілігін білдірмейді, мазмұнына нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы		Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері бойынша SCOPUS деректер қорына енетін импакт факторлы басылымда -1, ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған ғылыми басылымдарда – 4, халықаралық конференция жинақтарында – 8 мақала жарияланған.

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Жетесова Жанар Алмасовнаға «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

- 1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Жетесова Жанар Алмасовнаға «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Жетесова Жанар Алмасовнаның «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ-ағылшын ертегілері бойынша)» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін.

Рецензент:

Филология ғылымдарының кандидаты,
Назарбаев Университетінің ассистент профессоры



Байтелиева Жанар Дәрібекқызы
23.06.2025